

МРНТИ 16.21.51

Қасым Б. Қ.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

### ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «КӨЗ, КӨРУ» АТАЛЫМДАРЫН КОГНИТИВТІ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

*Аңдатпа*

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы сөздерді алып қарасак, олардың барлығы да белгілі бір тілдік жүйеде қызмет атқарады. Алайда тілдік бірліктердің өзара арақатынасынан және күрделі құрылымнан тұратындығы анық. Сондықтан сөз мағынасы, семантикасы, тілдік қолданыста прагматикалық белгілі мақсатқа қарай өзгеріске түсіп, қызмет атқарады. **Семантика-когнитивті модель** – тілде шындық болмысты бейнелеп, лексикалық бірліктер ортақ семантикалық компонент негізінде әр түрлі жүйелі семантикалық қатынастармен (фреймдік құрылым, синонимиялық қатар) және өріс өзегімен (ядро) байланысып жатқан сөздер тобы. Сөздер ортақ семантикалық белгіге ие болып, лексика-семантикалық парадигма құрайды. Семантикалық өріс лексикалық-семантикалық топтарға қарағанда неғұрлым кең *тектік* (гипонимия) ұғымдарды топтастырады. Сонымен тіліндегі «*көз, көру*» аталымдарынғы менталды тілдік бірлік, когнитивті модель тұрғысынан және семантикалық-когнитивті құрылымын зерделеу, дамуы туыстас түркі тілдерімен ұқсас жақтарын салыстыра зерттеуге негіз болары бүгінгі таңда өзекті мәселе. «*Көз, көру*» аталымдарын тілдік бірлік ретінде теориялық аспектіде зерделеуге арналған еңбектерге жасалған шолу қазіргі ғылыми парадигмада осы тілдік бірліктерді қарастырудың қажеттілігін білдіреді. Барлық түркі тілдерінде *көру* етістігінің қолданыс аясы мен семантикалық өрісі кең.

**Түйін сөздер:** когнитивті модель, менталды етістіктер, семантикалық өріс, фрейм, мән, мағына. сема, семантика

*Kassym B..<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan

### COGNITIVE-SEMANTIC ANALYSIS OF THE NOMINATION "EYE, TO SEE" IN THE KAZAKH LANGUAGE

*Abstract*

The article examines the role of word formation semantics for cognitive language research, for studying the cognitive model, the picture of the world. Based on the material of the modern Kazakh language, a semantic and cognitive analysis of etymologically related Turkic languages with the root: КӨЗ, КӨРУ is carried out. Semantics plays an important role in the nominative process, which captures the peculiarities of human perception of the world, the specifics of the cultural and historical experience of a given nation. Cognitive-semantic models formed by these verbs represent cognitively highlighted fragments of the surrounding reality, fixed in the human mind. In derived words (motivated on a given synchronous slice of the language, preserving their internal form), such conceptual information is expressed explicitly. The analysis revealed the specific semantic features of these verbs, including fixing and active perception. As you know, in all languages, the semantic spectrum of the verbs of visual perception is wider than that of other verbs of perception, because “it is visual perception that is the most active way of understanding and understanding the world.

**Keywords:** cognitive model, mental verb, semantic field, frame, meaning, meaning, seme, semantics

Қасым Б.Қ.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан*

## КОГНИТИВНО-СЕМАНТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ НОМИНАЦИИ «ГЛАЗ, ВИДИТЬ» В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

### *Аннотация*

В статье рассматривается роль семантики словообразования для когнитивных исследований языка, для изучения когнитивной модели, картины мира. На материале современного казахского языка проводится семантико-когнитивный анализ этимологически родственных тюркских языках с корнем: КӨЗ, КӨРУ. Семантике принадлежит важнейшая роль в номинативном процессе, запечатлевающим особенности человеческого мировосприятия, специфику культурно-исторического опыта данного народа. Когнитивно-семантические модели, формируемых данными глаголами, представляют когнитивно выделенные фрагменты окружающей действительности, фиксируемые в сознании человека. В производных слов (мотивированных на данном синхронном срезе языка, сохраняющих свою внутреннюю форму) подобная концептуальная информация выражена эксплицитно. В ходе анализа выявлены специфические семантические особенности данных глаголов, в том числе фиксирующие и активное восприятие. Как известно, во всех языках у глаголов зрительного восприятия семантический спектр шире, чем у остальных глаголов восприятия, потому что «именно зрительное восприятие является наиболее активным способом осмысления и понимания мира.

**Ключевые слова:** когнитивная модель, ментальный глагол, семантическое поле, фрейм, смысл, значение, сема, семантика

**Кіріспе.** Қазіргі таңда ұлттық тіл білімінде когнитивті-семантикалық талдау сөздің табиғатын ашатын, оны тек лингвистикалық аспектіде ғана емес, адам ойлауы мен танымына қатысты кешенді жан-жақты қарастыратын әрі қазақ тіліндегі тілдік бірліктерді ұлт болмысын көрсететін, оның әрі қарай дамуына үлес қосатын іргелі зерттеу еңбектері қажет. Осымен байланысты тіл білімінде ғылыми зерттеулер бірнеше әдістер мен бағыттарда зерттелуде. Әсіресе тілді саралау екі бағытта қарастырылып келеді: бірі – тілді кешенді (*когнитивтік, логикалық, психоллингвистикалық, философиялық бағыттар* т.б.) сабақтастықта зерттеу; екіншісі – дәстүрлі грамматиканың заңдылықтарына сүйене отырып, тілдің құрылымдық жүйесін терең және тіл табиғатынғы ұлттық ерекшелікерді толық ашып көрсету мақсатында тілдік бірліктердің тұлғасы мен мән, мазмұндық табиғатын, оның арақатынасын ішкі заңдылықтарын зерделеу, талдау. Лингвистикадағы функционалдық, коммуникативті-прагматикалық т.б. жаңа бағыттар тілге даму тұрғысынан қарап, тіл құбылысын қозғалыста танып білуді көздейді. Тілді қозғалыста танып білу – тілдің өзін, оның бірліктерін адамдардың өзара қарым-қатынасында, байланыстық үрдісте қарастыру. Соның нәтижесінде тілдің мүмкіндіктерін, атқаратын қызметін толық анықтауға мүмкіншілік туады.

Сөздің семантикасын зерттеу көп уақыт бойы жеке сөздерді мағынасын зерттеумен шектеліп келді. Өткен ғасырдың ортасынан бастап ғалымдар сөзді жеке қарастыру дұрыс емес екенін, жеке сөздер мағынасы мен формасы жағынан бір-біріне туыс сөздермен бірігіп, сөздердің топтарын немесе өрісін құрастыратынын, сөздің мән-мәнісін білу үшін оның құрамын бір-бірінен жеке алып қарастырмай, ортақ мәннің төңірегінде талдауды ұсынды.

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы сөздерді алып қарасак, олардың барлығы да белгілі бір тілдік жүйеде қызмет атқарады. Алайда тілдік бірліктердің өзара арақатынасынан және күрделі құрылымнан тұратындығы анық. Сондықтан сөз мағынасы, семантикасы, тілдік қолданыста прагматикалық белгілі мақсатқа қарай өзгеріске түсіп, қызмет атқарады. Тілдің басты арқауы, тірегі – сөз. Сөз, сөйлем адам ойын жеткізудің, айтудың негізгі құралы. Тіл – әлеуметтік құбылыс. Сөздің мағынасын білу, түсіну, оны орынды қолдану – тілдік жүйенің заңдылықтарын түсіну деген сөз, яғни сөйлеу әрекетін жүзеге асыратын негізгі құрал, қор. Осымен байланысты ғасырлар бойы үздіксіз даму, жетілу үрдістеріндегі тілдің тарихи кезеңдері, оны жасаушы халықтың тарихымен, ой-санасының дамуымен, когнитивті вербалдануы, тілдік білімнің жетілуі мен сұрыпталып, екшеліп, талғап, тілдік құрылым жүйесін түсіну қажет. Бұл мәселенің таза лингвистикалық қағидалармен шешіле бермейтін тұстарын айқындау қажеттігі, бүгінгі заманауи когнитивті ғылымның тұжырым-

қағидаларына сүйену сұранысынан және семантикалық-функционалды мақсатта қолданумен тікелей байланысты.

Қазіргі таңда тіл білімінде сөздік құрамды сипаттауда тиімді және нәтижелі тәсілдердің бірі «когнитивті-семантикалық, өрістік» тәсіл, себебі бұл саралау тілді бір жүйе ретінде қарастыруға және тілдегі жүйелілікті анықтауға мүмкіндік береді. Мақала «Қазақ тіліндегі «көз», «көру» аталымдарының когнитивті-семантикалық моделін» сипаттау мәселесіне арналған.

**Көз** тірек сөзінің мазмұндық құрылымын анықтауда когнитивті-семантикалық талдау әдісі: бағалауыштық, сезімдік т.б. компоненттер қолданылады.

**Әдістеме.** *Мақаланың теориялық және методологиялық негіздері.* А. Байтұрсынұлы сөзді өнер деп танып, оған мынадай анықтама береді: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау» (*Курсив* – Б.Қасым) [1, 343 б]. А. Байтұрсынұлының осы тұжырымдамасынан қазіргі лингвистикада қарастырылып жүрген когнитивті бағытты дәлелдеп, анықтайды. Жоғарыдағы айтылған ойлардан тіл бірліктерін талдауда, зерделеуде халықтың таным үрдісі негізге алынатыны айтылады. Ойдағы, қиялдағы, көңілдегі нәрсені тілмен жеткізу қиын екенін көрсетеді. Сондықтан сөзді жасап, оның мән, мағынасын түсіну, тану басты шарт екенін түсінуге болады.

Тіл білімінде таным теориясы тұрғысынан қарастырған: Дж. Лакофф, М. Джонсон, А.Н. Баранов, Ю.Н. Караулов, А.П. Чудинов т.б.; менталді құрылымды тілдік және сөйлеу жағдаят құралдарымен анықтау: С.Г. Воркачев, В.В. Колесов, В.А. Маслова, З.Д. Попова, И.А. Стернин, Ю.С. Степанов; лексика семантикалық өріс тұрғысынан: И. Трир (I.Trier), В. Порциг (W.Porzig), С. Ульман (S.Ulmann), Л. Вайсгербер (L.Weisgerber), А. Мартине (A.Martinet), когнитивті бағытта: А. Вежбицкая, Н.Н. Болдырев, Е.С. Кубрякова, Р.М. Фрумкина; семантика жағынан: Ю.Д. Апресян, Л.Г. Бабенко және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынып, талдаудың теориялық және методологиялық негізі ретінде пайдаланылды.

Сөздер ортақ семантикалық белгіге ие болып, лексика-семантикалық парадигма құрайтыны белгілі. Лексикалық парадигма ретінде жалпы мағынасы бойынша біріккен бірнеше сөздердің жиынтығы түсініледі. Лексика-семантикалық топтың мүшелері арасындағы парадигматикалық байланысты анық көру үшін ғалымдар компонентті талдау әдісін жиі қолданады. Бұл әдіс бойынша сөз мағыналары бірнеше ұсақ бөліктерден – семалардан тұрады деп есептейді.

Е.С. Кубрякованың тұжырымдамаларынан, тіл біліміндегі когнитивтік бағыт тілді жаңа тұрғыдан қарастыруға, оны қабылдау, зейін, жады, сана, ойлау т.б. таным қабілеттерін негізге ала отырып, тіл жүйесінің құрамдас бөліктерін және олардың арақатынасын кешенді интерпретациялауға, когнитивті құрылымның негізгі белгілерін зерделеуге мүмкіндік береді [1, 328]. Бұл қажеттілік тіл білімінде когнитивтік теорияның, когнитивті семантиканың қалыптасуына әкелді.

Қазіргі уақытта сөзді (концептті) зерттеудің бірнеше әдістер пен бағыттар пайда болды. Мысалы, *логикалық бағыт* – Н.Д. Арутюнова, [2]; *психоллингвистикалық бағыт* – А.А. Залевская [3], *философиялық бағыт* В. Колесов, [4]. Тілшілердің ғылыми еңбектер төңірегінде *концептуалды талдаудың (анализдің)* әр түрлі бағыттары қарастырылады. Ондағы мақсат *айырым* (дифференциалды) белгілердің моделдеуіне қолдануға келетін концептуалды анализдің әдістемесін анықтау.

**Менталді етістіктердегі когнитивті модель** – тілдегі іс-әрекеттің мәнін когнитивті аспектіде зерделеуде, саралауда назарға алынудағы ғылыми ұғым *Менталды етістіктер* (сөздер) – субъектінің (жеке адамның) тілдік бірліктер туралы ілімін көрсететін, сонымен қатар тілдік бірліктермен байланысты экстралингвистикалық және өмір тәжірибесіндегі білім деңгейін танытатын күрделі қызметтерді орындайтын жүйе. Менталді етістіктерде орын алатын түрлі үдерістердің, когнитивті тетіктердің сипаты, ерекшеліктері мен қызметі – тілдегі семантикалық мән-мазмұнына тікелей ықпал ететін факторлар. Өйткені етістіктердегі мағына мен семантиканың дамуы мен қалыптасуына, тіл жүйесінде орнығуында ерекше қызмет атқаратын тілдің ішкі мәні мен әлеуетін тіл иесінің тілдік бірліктерді қабылдауы, танып-түсінуімен сабақтастыра қарастыру – құрылымдық және когнитивті өлшемдердің арасқатынасымен анықтауға, саралауға мүмкіндік береді. [5, с.24]. Демек, менталді етістіктердің құрылымы, біріншіден, белгілі бір ұлттық тілдің ішкі жүйесі – сөздік қордың ерекше баламасы ретінде, екіншіден, адам миына, оның интеллектісіне, адам жадына тән

жалпы кеңістіктің бөлшегі ретінде анықталады. Когнитивтік семантикада сөз мағынасы – адамның ақыл-ойымен байланысты *менталды процестері* → *когнитивті модельде* ерекше көрінеді.

Өріс теориясы қазіргі тіл біліміне лексикалық топтарға немесе парадигмаларға қатысты қолданылып жүр. Тілдік өрісті біраз ғалымдар (Л. Вейсгербер, А.А. Уфимцева, В.И. Кодухов және тағы басқалары) лексика семантикалық топ түрінде түсіндіреді, бірақ олардың бәрі өрісті ЛСТ деп атамайды. Өріске арналған ғылыми еңбектерде оның бірнеше қолданысын көрсетуге болады: парадигмалық өріс (И.Трир, Э.Косериу), синтаксистік өріс (В.Порциг, Л. Вейсгербер), грамматикалық өріс (В. Адмони), лексика-грамматикалық өріс (Э.В. Гулыга, Б.И. Шендельс), лексика-семантикалық өріс (М.Оразов, Ғ.Хасанов) функционалды-семантикалық өріс (А.В.Бондарко, З.Қ.Ахметжанова), сөзжасамдық өріс (Н.И.Букетова, Б.Қасым), лексика-фразеологиялық өріс (Е.А.Ножин, В.П. Жуков, Г.Смағұлова) және т.б.

И.М.Кобозева «Лингвистическая семантика» атты еңбегінде «семантикалық өріс деп айқындалатын құбылыстың ұғымдық, заттық және қызметтік ұқсастықтары мен мазмұнының жалпы болуымен біріктірілген тілдік бірліктер жиынтығын» айтады. Автордың пікірінше семантикалық өріс төмендегі қасиеттерге ие:

- 1) сөздердің белгілі бір семантикалық қатынастарға түсуі;
- 2) осы қатынастардың жүйелілігі;
- 3) лексикалық бірліктердің өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігі;
- 4) өрістің дербестігі;
- 5) өрістің ұғымдық сипатын таңбалаудың тұрақтылығы;
- 6) семантикалық өрістің бүкіл лексикалық жүйедегі өзара байланыстылығы [6, с 99.].

Ю.Н.Караулов та семантикалық өрістің төмендегідей қасиеттерін ажыратады:

- 1) өріс құрамындағы бірліктердің бір-бірімен байланыстылығы;
- 2) бұл байланыстардың жүйелілігі;
- 3) өріс бірліктерінің бір-бірін анықтауы;
- 4) өрістің дербестігі;

өрістің түрлі тілдердегі өзіндік ерекшелігі [7, с.61 ].

Ғ.Хасанов «Семантикалық өріс» атты мақаласында семантикалық өрісті жан-жақты қарастырады. Семантикалық өріс дегеніміз не деген сұраққа жауапты автор Ю.Н. Карауловтың еңбектерінен табады. Осы ғалымның еңбектеріне сүйене отырып автор үш өлшемді негізді арқау ете отырып өріске берілген анықтамаларды үш топқа бөледі: 1) лексика-семантикалық жүйенің бірлігі ретінде; 2) қасиеттері бойынша; 3) ішкі ұйымдасу принциптері бойынша. Ғ. Хасанов лексика-семантикалық топтар үлкен семантикалық өріс құрайды деген пікір білдіреді [8, 27 б.].

Ю.Д. Апресиян пікірінше, тілдің сөздік құрамы ретсіз үйіліп жатқан бірліктер жиынтығы емес. Ол сөздердің мағыналық ортақтығына байланысты біріккен бірнеше өрістерден тұрады деген пікір айтады [9].

Ю.Н. Карауловтың [7] анықтауынша, лексика-семантикалық өріс *өзегімен* (ядромен) байланысты тілдегі сөздер тобы және олар өрістің шекарасын айқын анықтауға мүмкіндік береді. Лексика-семантикалық өрісті жасауға өрісте бір-бірімен белгілі бір байланысқа түсетін сөздер мағынасы тірек болуы тиіс. Тілшінің пірінше, лексика-семантикалық өрісті зерттегенде синонимдік, түр және ассоциативтік байланыстарды есепке алу қажет. Сөйтіп, *лексика-семантикалық өріс* (ЛСӨ) бір *тектік* мағынамен біріккен белгілі бір сөздер тобы (сөз тіркестері) болып табылады. ЛСӨ құрамы мағынасы жағына өріс *ортасынан* (өзегінен) әр түрлі «қашықтықта» (орталыққа жақын және шеткері аймақтар) орналасқан тілдік бірліктерден тұрады.

**Нәтижелер.** «Көз», «көру» әрбір тілдегі үлкен, мазмұнды, ұлттық бедері айқын негізгі аталымдардың бірі. Оның әмбебаптық та, бірегейлік те сипаты ұшантеңіз. Бейвербалды коммуникациядағы көздердің рөлі туралы да соны айтуға болады. Өйткені *көз* – өздігінен-ақ мол ақпараттың көзі. Сондықтан да ол әрқашан күрделі зерттеулердің нысанында тұрады.

Концептті талдаудағы басқа көзқарасты ұстанатын М.И. Агиенко, аталған концепттердің концептуалды белгілерін айқындау арқылы концепттерді сипаттау әдістемесін қолданады. Аталған әдістемеге орай зерттеу барысы бірнеше кезендерден өтеді:

1. концепттің сөз-атауының этимологиясы зерттеледі, сөз мағынасының тарихы қарастырылады, концепттің *уәждік белгілері* айқындалады;

2. концепттің сөз-атауының сөздік дефинициялары (анықтамалары) және синонимдік қатардағы сөздердің дефинициялары компонентті анализ әдісі арқылы зерттеледі. Нәтижесінде, сөздік дефиницияларда семантикалық компонент түрінде көрініс тапқан ұғымдық белгілер айқындалады;

3. метафоралық үйлесімділікті зерттеудің нәтижесінде пайда болған концептің образдық белгілері айқындалады [10, с. 8].

М.И.Агиенко аталымдарды (концептті) талдаудағы концептуалды белгілерін айқындау арқылы мағыналық сипаттау әдісін қолданады. Зерттеудің барлық кезеңдерінде айқындалған концептің белгілері топтарға құрылып қалыптасады. Осындай топтар **тектік** немесе **түрлік сипаттаманың** (характеристика) негізінде біріктірілетін белгілердің жиынтығынан құралып, концептуалданудың белгілі-бір әдісін көрсетеді. *Белгілердің* (признаки) белгілі-бір сандық қатысымын (представленность) негізінде концептті қабылдаудағы, қорытудағы *әлемнің тілдік бейнесінде* білгілі-бір когнитивті белгілердің маңызыдылығы туралы шешімдер қабылданады. Концепт зерттеулерінің мағлұматтары кестелерде белгіленіп, аталмыш концептің барлық дефинициялары және оның синонимдері көрсетіледі [10].

**Көз сөзінің** (концептісінің) **этимонын** когнитивті бағытта анықтау, зерделеуде тілдік **мән** мен **мағынаны** ажырату осы сөздің даму кезеңдерін, қазіргі тілдік деңгейдегі семантикалық өрісін көруге негіз болып табылады.

Сөздің семантикасын зерттеу көп уақыт бойы жеке сөздерді зерттеумен шектеліп келді. Өткен ғасырдың орта тұсынан бастап ғалымдар сөзді жеке қарастыру дұрыс емес екенін, жеке сөздер мағынасы мен формасы жағынан бір-біріне туыс сөздермен бірігіп, сөздердің топтарын немесе өрісін құрастыратынын, сөздің мәнін, мәнісін білу үшін оның құрамын бір-бірінен жеке алып қарастырмай, ортақ мән, мазмұнның төңірегінде талдауды ұсынды. Бұл құжеттілік тіл білімінде өріс теориясының шығуына әкелді. Ол тіл білімін тың және жаңа жолға бағыттады. Осы орайда өріс теориясының негізін салушы И.Трир және оны дамытушы Л.Вайсгербер туралы айта кеткен жөн. И.Трирдің теориясы бойынша, **семантикалық өріс** дәстүрлі немесе ғылыми түрде адамзат тәжірибесімен жасалған ұғымдардың нақты шектелген саласын толық жабатын, көбіне этимологиялық жағынан байланысты емес, оның үстіне өзара тұтас сурет құрайтын мозайка тастары сияқты қатар орналасқан кездейсоқ, еркін, жеке психологиялық әсерлермен байланыспайтын сөздер жиынтығы. И. Трирдің және оның ойын жалғастырушылардың пікірінше, семантикалық өріс – қандай да бір ортақ нышандармен біріккен, яғни ортақ мағыналық компоненті бар тілдік бірліктер жиынтығы. Өрістің барлық лексемаларын *негізгі мағынамен* (архисема), лексемамен берілген *ортақ семантикалық белгі* біріктіреді [11] (*курсив* – Б.Қасым).

Семантикалық өріс ілімі туралы айтылған ой пікірлерді мойындай отырып, біраз тілші-ғалымдар оның шектелгендігін құрылымдауға онша көп көне бермейтінін атап айтады: А. Мартине, У. Вейнрейх, П. Гиро т.б. Бірақ ғалымдар лексика жүйелік құрылымдауға неге оңай көнбейді деген сұраққа ашық және толық жауап бере алмады. Бұл мәселені шешу үшін ең алдымен «лексика құрылым» деген сөз тіркесінде «құрылым» немесе «жүйе» деген сөз нені білдіреді соны анықтап алу қажет болды. Өткен ғасырдың ортасында негізі қаланған өріс теориясы туралы ілім тіл білімінде әлі де қарастыратын тұстары бар. Өрісті лексика жүйесінің басты бірлігі ретінде қарастырып, оның теориялық мәселелерін жан-жақты зерттеген ғалымдар: Ю.Д. Апресян, В.Г. Гак, Е.В. Гулыга, Ю.Н. Караулов, А.А. Уфимцева т.б. Ю.Д. Апресян пікірінше, тілдің сөздік құрамы ретсіз үйіліп жатқан бірліктер жиынтығы емес. Ол сөздердің мағыналық ортақтығына байланысты біріккен бірнеше өрістерден тұрады деген пікір айтады [12]. Ю.Н. Карауловтың анықтауынша, лексика-семантикалық *өріс өзегімен* (ядромен) байланысты [7] тілдегі сөздер тобы және олар өрістің шекарасын айқын анықтауға мүмкіндік береді. Лексика-семантикалық өрісті жасауға өрісте бір-бірімен белгілі бір байланысқа түсетін сөздер мағынасы тірек болуы тиіс. Автордың пірінше, лексика-семантикалық өрісті зерттегенде синонимдік, түр және ассоциативтік байланыстарды есепке алу қажет. Сөйтіп, *лексика-семантикалық өріс* (ЛСӨ) бір тектік мағынамен біріккен белгілі бір сөздер тобы (сөз тіркестері) болып табылады. ЛСӨ құрамы мағынасы жағына өріс ортасынан (өзегінен) әр түрлі «қашықтықта» (орталыққа жақын және шеткері аймақтар) орналасқан бірліктерден тұрады.

Ғалымдардың өріске анықтама берудегі пікірлеріндегі ортақтық – лексика-семантикалық өрістің мағыналық құрылымындағы ортақ бір семантикалық компоненттің негізінде біріккен қандай да бір тақырыпты қамтитын сөздердің жиынтығынан тұруы. А.Е. Карлинскийдің де пікірі осыған жуық. Автор семантикалық өрісті лексика-семантикалық топ түрінде түсіндіреді [13, с.42]. Мәселен, М.В. Пименова *концептуалды анализдің* келесідей әдістемесін ұстанады:

1. сөздің этимонын анықтау («концептің жазбаға дейінгі тарихын» анықтау);
2. түбірлік тобын зерттеу (аталған этимоннан құрылған сөздердің тобын зерттеу);

3. диахронияда туынды сөздердің негізгі қолданысын зерттеу (эпидигматикалық байланыстарды анықтау);

4. аталған сөздердің негізгі қолданысын синхрондық деңгейде зерттеу (синтагматикалық байланыстарды зерттеу);

5. анализге (талдауға) түсіп отырған сөз-концепттің парадигматикалық байланыстарын зерттеу;

6. көрсетіліп отырған сөзді басқа тілдердегі аналогиялық (ұқсас) сөз-концеппен салыстыру [14].

Ғалымдардың тұжырымы бойынша *когнитивті модель* туралы үш түрлі қағидаларды жинақтап көрсетуге болады (Сурет 1):



**Когнитивті моделдің (КМ)** лингвистикада төрт түрлі типі көрсетіліп жүр:

*пропозиционалды, образды (схемалық), метафоралық және метонимиялық;* адам баласының санасында ойлау механизмі мен концептуалды жүйенің құрылуы (түзілуі) арқылы сипатталады.

Дж. Лакоффтың пікірінше КМ-ді категориялау мен мағынаны сипаттауда дәстүрлі көзқарастарды пайдалану қажеттігін көрсетеді. Ол келесі тұжырымдарға негізделеді:

- концептуалды жүйе адамның тікелей қабылдауына негізделеді және қоғамдық-әлеуметтік тәжірибесіне байланысты;

- ой бейнелі: сөз (концепті) тікелей тәжірибеге негізделмеген, метафора мен метонимияны пайдалану және «менталді бейнелілік» яғни кез келген заттың тікелей бейнесі емес, сыртқы шынайылықтың репрезентациясы;

- ой гештальттық қасиетке ие, ұғымдық «құрылымдық блоктар» жалпы құрылымдық сипат бар [16] (сурет, 2)

**КОГНИТИВТІ МОДЕЛЬ:**

үш түрлі мағынада қолданылады

<p>Тұжырымдама: «Тіл - когнитивті үдерістердің көрінісі. Тіл мен таным когнитивті ғылымның негізі болып саналады». [Петров, Герасимов 1988].</p>	<p>сөз семантикасын түсіну моделі - табиғи тілдік деректерді өңдеу нәтижесі. сөздің семантикалық менталді құрылымы. Жекелеген жағдаят, сөйлеу барысындағы КМ құрылым, көру арқылы қабылдау [Караулов, Дейк 1989]</p>	<p>Табиғи тілдегі категориялау үдерісінің ерекшелігі [Лакофф, 1990].</p>
--	--	--

**Түбірлік тобын зерттеу** (аталған этимоннан құрылған сөздердің тобын зерттеу). Бұл жерде **лексикалық фрейм** – қазіргі когнитивистикада көпмағыналы (полисемантические) сөздерді түсінеміз. **Лексикалық фрейм** мәтінде өзінің семантикалық құрылымы жағынан екі деңгейге бөлінеді:

А) **терең деңгей** – заттың шындық өмірдегі **менталді бейнесін** (образ) береді (**когнитивті модель**); -

Б) **семантиканың сыртқы деңгейі** – дәстүрлі реалийде нақты сөздің қолданыс табуы.

**Диакронияда туынды сөздердің негізгі қолданысын зерттеу** (эпидигматикалық байланыстарды анықтау).

**Талқылау.** Сөз-атаудың (концептің) этимологиясы зерттеледі, сөз мағынасының шығу тарихы қарастырылады, концептің уәжділік белгілері айқындалады.

**КӨЗ** *глаз*: *körür közüm körmaz teg...* – зрячие глаза мои.. словно ослепли (КТб) *künka bağsa köz qaṭar* – если смотреть на солнце в глазах рябит (МК I) [ДТС, 320].

Академик Ә.Қайдар түбірдің құрылымы мен оның бірнеше мағынасын мына тұрғыда қарастырады: «**Көз** [köz] 1) *глаз, глаза* (человека и животных), *око*; 2) *перен. исток, источник, начало* (ручья, богатства, знания и др.); 3) *ушко, отверстие, глазок* (иголки, кольца и др.)»[15, 227].

**ГӨЗ** турк., тур., тур.диал., аз., гаг., кум., **гөз'** ктат., кар.к., кум.; **köz** уйғ.диал.; **qüz** сал.; **qoz** сал., кум.хак., саг. **күс** тат.диал., **күс** чув.

1. **А. Глаз(а), око** (в анатомическом и общеупотребительном значениях); *глазок* – аз., гаг., кир., каз., ног., уйғ.диал., алт., чув. **Б. Отверстие** – турк., аз., каз., ног., алт., чув; *окно* – тур.диал., кум.; *окошечко* – кум.диал.; *раствор* – аз.; *дырочка, дыра* – турк., аз., алт., алт.диал., чув. **В. Ушко** – турк., тур., кир., каз., ног., ккал., баш., сал., хак.; *петелька* – кир., баш., чув.; *петля силка* – кир.; *узел основы* – чув.; **Г. Источник, родник, ключ** – тур., аз., каз., ног., уйғ., уйғ.диал.; *исток ручья* – аз., каз.; **Д.** зерно – Буд.; *крошка, крупинка* – тат.диал. **Е. Польшья, места с открытой водой среди болота** – тат.диал.;

2. *Взгляд* – кум., ног., уз., алт., алт.диал., сал., чув.; *взор* – аз., кум., ног., уз., чув.;

3. *Зрение* – турк., ног., баш., алт., алт.диал., сал., чув., хор., *восприятие*

4. *Глазной* – турк., гаг., кум., уз.; *оптический* – гаг.;

5. **А. Часть целого** (почка листьев, ушко иголки, поставка мельницы); *один из мелких предметов*; **Б. Отделение** – турк.; *отделение* (шкафа, стола и проч.) – тур., аз.; *закрома в амбаре* – гаг.; *сусек, секция, отделение в зернохранилище* – гаг.; *комната* – тур.диал.; *ячея* – турк., ног., баш., чув; *очок* (улья) – алт., алт.диал.; *надвижной ящик* – тур., аз.; *полка* – тур., аз.; *звено* – чув.; *часть оконного переплета* – гаг.;

6. *Чашка весов* – тур., аз., *одна половина переметных сум* – кир.;

7. *Арка, пролет* – тур., аз.;

8. *Яма, бассейн* – тур.;

9. *Сама вещь* – кир-каз.;

10. *Масть (в картах)* – алт., алт.диал.;

11. *Сторона, конец* – TS;
12. *Лучшее создание, венец создания* – аз.;
13. *Фунт* – алт.диал.; [ЭСТЯ; 60-61].

Ежелгі көне ескерткіштердегі мәтіндегі деректерде *көз* мағынасы ғана сақталған болса, басақа көне және ортағасыр ескерткіштеріндегі мәтіндегі деректер көп жағдайда мағынасы белгісіз, тек дереккөз ретінде көрсетілген. Сонымен қатар *көз* сөзі лексикаланған тіркес ретінде мәтінде жиі қолданыс тауып, мына етістіктермен көбірек тіркескен: **ач-, аларт-, ыз-, йару-, кыл-, кемиш-** және осыған ұқсас барыс септігімен тіркескен **көзке**, күрделі сөз түрі: **көз қарақ** және т.б. кездеседі.

Э.В.Севортян: «Кроме имени *гөз ~ көз* ...реален, по-видимому, также омоформный глагол, который выявляется из следующих своих производных: тур.диал. **göze** – **göz-e** – родник, фонтан, протока; **gözen** – родник, **gözmek** – фонтан, маленькая дыра, **көз-мәх** дыра, ноздри вз.диал., **күз-мәк** отверстие в стене конюшни для сбрасывания навоза аз.диал.; **гөз-әк** петля аз.диал.; **güz-el** – кружок вокруг глаз животных сюг.; **közer** – показывать; **köz-ün** – показываться, виднеться, казаться;» дқи тарихи деректерді келтіреді [ЭСТЯ, 61].

**ГӨЗ-КӨЗ** түбірінен тараған туынды сөздердің көбісі түбірдегі негізгі ортақ мағынаны сақтай отырып өрбіген:

**-(ы)к** – көрсеткішімен қалыптатасқан медиалды етістік (Медиальный глагол с показателем -(ы)к -):

Белгілі түркітанушы Э.Севортян *көз* сөзінің түркі халықтарының тілдерімен салыстыра отырып, тарихи шығу тегі мен түбірлес сөздердің мағыналарын, қалыптасуын көрсетеді: «*Гөз-үк* – турк., тур., гаг., кум. *Көзүк* – кир., уйг., алт., алт.диал.; *көзүк* – ккал., *козүк* – ул., *кезүк* – кар.г., *күзік* – баш. – со значениями \*показываться турк., гаг., кум., *gözükme* (тур.) [ЭСТЯ, 62-63].

*гөз* сөзінің **-ла-** сөзжасамдық жұрнағы арқылы қалыптасқан туынды етістіктер: «...от *гөз* в его основном значении «глаз»: *гөз-ле* – турк., тур.диал., *гөзлә* – гаг., *көсте* – алт.диал., хак.; *көстө* – алт., алт.диал., *күсте* – алт.диал., *кезле* – кар.г., *қусла* – чув. – со значениями наблюдать, смотреть, турк., кар.г., алт., алт.диал., чув. *Gözlemek* – тур., *gözde* – тур.диал.» [ЭСТЯ, 62-63]. Қазақ тілінде: *байқау, бақылау, қарау* т.б.

3. **гөз-көз** сөзіне **-анақ** сөзжасамдық жұрнақ арқылы объектіні немесе қимылдың орнын (места действия) білдіретін зат есімдер мен етістіктер жасалған. «\***көз-**, о котором говорилось выше: *Гөзенек* – турк., тур. диал., *гозенәк* – уз. диал., *көзенек* – ног., хак., тув., *көзенәх* – аз. диал., *козәнәк* – уз., *көзнәк* – уйг. диал., *козинек* – алт., алт.диал., *көзүнек* – алт.диал., *көзөнөк* – кир., *көзнөк* – алт., *күзәнәк* – тат., баш., *күсәнәк* – тат. диал., *küzlük* козилик – алт. диал., *гөзелдирик* – кум. (словообразовательный аффикс **-(х)лдырык**) – со значением «очки» во всех источниках, кроме турк. и Van: «наглазные повязки» (для лошадей) турк., «бдительный» Van. и ряд отдельных значений по языкам. Кроме приведенных от основы **гөз-көз** образовался также ряд других производных» [ЭСТЯ, 62-63]. Басақада туынды сөздердің, тілдік бірліктердің жасалуына бұл сөздер негіз болған.

• Аталған сөздердің негізгі қолданысын синхрондық деңгейде зерттеу (синтагматикалық байланыстарды зерттеу).

- Анализге (талдауға) түсіп отырған сөз-концептің парадигматикалық байланыстарын зерттеу;
- Көрсетіліп отырған сөзді басқа тілдердегі аналогиялық (ұқсас) сөз-концеппен салыстыру [14].

**КӨЗ** 1. Адамның, жан-жануардың көру мүшесі. 2. Заттың жіп я басақа да бір нәрсе қткізетін тесігі. 3. Бір нәрсенің шығар жері, қойнауы. 4. Бір нәрсенің нақты өз басы. 5. Өткеннен қалған нәрсе; біреуге арналған ескерткіш, мұра, ұрпақ. 6. **Ауысп.** Ақыл, ес, сана. **Көз айырмады (жаздады, алмады, аудармады)** – қадалып көп қарады, тесіле қарады. **Көз байлаушы (баяушы)** – арбаушы сиқыршы, фокус көрсетуші. **Көзге көрінді** – жұрт көзіне түсті, ауызға ілікті. [ҚТТС, 404]. **Көз қысты** – көзімен белгі берді, кедісім білдірді. **Көзін сатты** – телміріп қарады. **Көзі жайнады** – қуанышқа бөленді, жаны рахат тапты [ҚТТС, 405].

**КӨЗ 1. көру мүшесі.** Алғашқыда олар маған ұнап жүрді, *Көзінің* көктігімен, бетінің ақтығымен, мүләйім қылығымен – көбінесе жаңалығымен... (Ж. Аймауытов, Шығ.). алпыс бала ата деп Алдыңа түсіп бастаса, Тәңірі нұрлы жаратқан Маңдайдағы *көз* болмас (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** анат. «лат. *oculus*» *Адамда, барлық омыртқалы жануарларда және кейбір омыртқасыз жануарларда жарық әсерін қабылдайтын мүше.* Адам және омыртқалы жануарларда *көз* – жұп мүше [ҚҰЭ]. Көздің анатомиялық қалыпты құрылысына атаулар: *көз алмасы (ағы), бұлшығы, қалтасы, пердесі, қылауы,...* (Ж. Бабалықұлы, Төрт түлік). **3.** ауыс. *әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шеңберлі ашекей.* Қазақстанның Орталық музейінде сақталған бір ғана әйел ерінің өзінде отыз бір *көз* орнатылған (Х. Арғынбаев, Каз. ер-тұрман.). Сақиналар да өрнектеліп, тастан *көз* орнатылып



әсемделеді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). **4.** ауыс. *Нәрсенің өзі.* Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға, Бермек болған айғырдың көзі қайда? Көзді көрсен – бересің, тайсаң – танып Алдамшы атанғанның несі пайда? (Абай, Тол. жин.). Германияның бұл қылығы Европа көзіне кем кешілмес зор кінә (Ә. Бөкейханов, Шығ.). **5.** ауыс. *Адам, жан. Көздер бар, мені көрсе жылымайтын, Соны да сезгендеймін бүгін айқын...* (Т. Молдағалиев, Шақырады). **6.** ауыс. *өткеннен қалған, өткеннің тұсында болған нәрсе.* Хас батырдың көзі еді қара жорға, Қара жаудың астында ойнап кетті (М. Мақатаев, Шығ.). Кәріңе де, жасыңа да ие бол, Осы жердің енді қалған көзісің!... (С. Жиенбаев, Алтын қалам). **7.** ауыс. *Ақыл, ес, сана.* Білімдіден шыққан сөз Талаптығы болсан кез Нұрын, сырын көруге Көкірегінде болсын көзі (Абай, Таңд.жин.). **8.** ауыс. *Жемістің өніп шығатын жері, бүртiк кiндiгi.* Мария өстіп налып жүргенде, академик Лысенконың картоп көзін қалай егіп өсіруге арналған мақаласы газетке жарияланды (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). **9.** ауыс. *Иненің жіп өткізетін тесігі.* Кесте тігетін инелер молтақ, көздері кең болғаны жөн (С. Қасиманов, Қаз.қолөнері). **10.** ауыс. *Кереге және торлы заттардың тесігі.* Керегенің босаға жағындағы көздерін пайдаланатын болған (С. Қасиманов, Қаз.қолөнері). сол сәт аудың бір көзі шортанның желбезегіне киіліп қалды (А. Сарбөпин, Ала қарға). **11.** ауыс. *Белгілі бір нәрсенің алынатын орны, қоры.* Май алмасу жөнінде өте мәнді мәселенің бірі – денеге май болып бітетін майдың қайдан алынатын көзін білу (Т. Күлтебаев, Қой төлі). **12.** ауыс. *Алды, көз алды.* Дұшпанның көзінде болсаң да, көңілінде болма (Мақал-мәтел). **13.** ауыс. *Бұлақтың су қайнап шығып жабқан жері, қайнар тесігі.* Бұлақтың көзі шыққан қайнар жері Бұрқылдап аспанға атып тұр шымырлап (О. Шипин, Дастан). Ол екі қолымен жер тірей еңкейіп, көз суынан ғана ішті (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл.). **14.** ауыс. *Тұрғы, көзқарас, ұстаным.* ...Біз де Абайға сол көзбен қарауға керек (М. Дулатов, Шығ.). (ҚТӘС, 173-174).

Концепттің сөз-атауының сөздік дефинициялары (анықтамалары) және синонимдік қатардағы сөздердің дефинициялары компонентті анализ әдісі арқылы зерттеледі. Нәтижесінде, сөздік дефиницияларда семантикалық компонент түрінде көрініс тапқан ұғымдық белгілер айқындалады.

**КӨЗ** 1. *Адамның, жан-жануардың көру мүшесі.* Бадана көз (Ит, бота, қарақат, көк). 2. *Заттың, я басқа да бір нәрсе өткізетін тесігі.* Иненің тесігі, керегенің тесігі, аудың тесігі. 3. *Бір нәрсенің шығар жері, қойнауы.* Байлықтың сарқылмас көзі, бұлақ көзі. 4. *Бір нәрсенің нақты өз басы.* Көзі тұр ғой, айтсын (Тілегенов). 5. *Өткеннен қалған нәрсе, біреуге арналған ескерткіш, мұра, ұрпақ.* Әкесінің көзі, ескіден қалған көз. 6. Ауыс. *Ақыл, ес, сана.* Нұрын, сырын көруге, көкірегінде болсын көз (Абай). *Көз алартты* – қарсылық білдірді, сұс көрсетті. *Көз байлады* – алдып арбады, сиқырлады. *Көзге күйік болды* – көзге шыққан сүйелдей болды, жексұрын көрінді. *Көз жазып қалды* – қапелімде айрылып қалды, жоғалтты. *Көз тартады* – көңіл аудартады, қылықтырады [ҚТС, 319].

**КӨЗ** сөзінен туынды сөздер:

*Көзайым:* көзайым болды (етті) – сағынған, күткен адамы келіп, қуанышқа бөленді. *Көзәйнек:* көзге тиетін көзілдірік. *Көзбе-көз:* бетпе-бет, жүзбе-жүз. *Көзгелдек:* жерг. *Көздей* ғана кішкентай ыдыс. *Көзде:* 1. Нысанаға алып дәлдеу, 2. Белгілі бір нәрсені мақсат ету. *Көздей:* кіп кішкентай, өте шағын. *Көзді:* 1. Көзі бар, 2. Суы мол, 3. Ауыс. Білімпаз, көзі ашық. *Көземел:* иненің бір түрі. *Көзеші:* көзе жасаушы шебер. *Көзқарас:* ой-пікір, түсінік, т.б. *Көзтана,* көзтесік: сығалап көру үшін жасалған есіктегі кішілеу дөңгелек тесік. *Көзше:* сабақ пен жапырақтың біріккен жердегі жанама бүршік, қолтық бүршік. *Көзілдірік:* көзге киетін екі әйнекті оптикалық аспап. *Көзіңше:* көзіне көрсетіп, ашықтан-ашық, көзбе-көз. [ҚТС, 320].

**КӨЗ** 1. *Адамның, жан-жануардың көру мүшесі.* 2. *Заттың жіп я басқа да бір нәрсе өткізетін тесігі.* 3. *Бір нәрсенің шығар жері, қойнауы.* 4. *Бір нәрсенің нақты өз басы.* 5. *Өткеннен қалған нәрсе; біреуге арналған ескерткіш, мұра, ұрпақ.* 6. Ауысп. *Ақыл, ес, сана.* **Көз айырмады (жазбады, алмады, аудармады)** – қадалып көп қарады, тесіле қарады. **Көз байлаушы (баяушы)** – арбаушы сиқыршы, фокус көрсетуші. **Көзге көрінді** – жұрт көзіне түсті, ауызға ілікті. (ҚТТС, 404). **Көз қысты** – көзімен белгі берді, кедісім білдірді. **Көзін сатты** – телміріп қарады. **Көзі жайнады** – қуанышқа бөленді, жаны рахат тапты [ҚТТС, 405]. **Көзайым болды:** жолаушылап кеткен, зарыға күтіп отырған адамы келіп қуанды, масайрады, көңілі тыншыды. Балам, дені-қарның сау ма, Айнұр байғұсты әбден сағындырып едің, баласы келіп көзайым болған екен ғой. (А.Хангелдин). **Көз алартысты.** *Өштесті, жауласты, аңдасты.* Я көрсеқызарлық қылып, көз алартыспақ лайық па? (Абай). **Көген көз.** *Өңкей қыршын, өрім жас, көгендегі төлдей жас.* Көген көзді қосақтап, Қалай қиып береміз (Жамбыл). **Көз байлады.** *Алдап, арбады.* Түн, бұғау, алдау, арбау, дін, шарифат, қан құйып, халық көзін байлауменен (Жамбыл) [ФС, 323-324].

Проф. БҚасым *метафора* құбылысын тілдік тұрғыдан зерделеп, лексикалық бірліктердің қалыптасуы мен жасалуын дәлелдей келе, *метафоралық үйлесімділікті* зерттеудің нәтижесінде пайда болған образдылық белгілері аталымдарда айқындалады [18]. Талдаудың барлық кезеңдерінде айқындалған тілдік бірліктің белгілері топтарға жіктелеп, топтасып құрылып қалыптастады. Осындай топтар **тектік** немесе **түрлік** сипаттаманың (характеристика) негізінде біріктіретін белгілердің жиынтығынан құралып, *концептуалданудың (концептуализация)* белгілі бір әдісін көрсетеді. *Белгілердің (признаки)* белгілі бір сандық қатысымның (представленность) негізінде тілдік бірліктің қабылдаудағы, қорытудағы *әлемнің тілдік бейнесінде* білгілі бір когнитивті белгілердің маңызыдылығы туралы шешімдер қабылданады. Сөздің семантикасын саралауда мағлұматтары *кестелерде* (таблицааларда) белгіленіп, аталмыш тілдік бірліктің (**КӨЗ**) барлық дефинициялары және оның синонимдері көрсетіледі:

Кесте-1

№	ДТС	Э.Севортян	Ә.Қайдар	ҚӘТС	ҚТТС	ҚТС
1	<i>глаз:</i> kürür közüm körmaz teg... (МК I) [ДТС, 320].	<b>А.</b> Глаз(а), око (в анатомическом и общеупотребительном значениях; <i>глазок</i> – аз., гаг., кир., каз., ног., уйг.диал., алт., чув. <b>Б.</b> <i>Отверстие</i> – турк., аз., каз., ног., алт., чув; <i>окно</i> – тур.диал., кум.; <i>окошечко</i> – кум.диал.; <i>раствор</i> – аз.; <i>дырочка, дыра</i> – турк., аз., алт., алт.диал., чув. <b>В.</b> <i>Ушко</i> – турк., тур., кир., каз., ног., ккал., баш., сал., хак.; <i>петелька</i> – кир., баш., чув.; <i>петля силка</i> – кир.; <i>узел основы</i> – чув.; <b>Г.</b> <i>Источник, родник, ключ</i> – тур., аз., каз., ног., уйг., уйг.диал.; <i>исток ручья</i> – аз., каз.; <b>Д.</b> <i>зерно</i> – Буд.; <i>крошка, крупинка</i> – тат.диал. <b>Е.</b> <i>Польня, места с открытой водой среди болота</i> – тат.диал.;	1) <i>глаз, глаза, ока</i>	<i>көру мүшесі.</i>	<b>1. Көзбен байқау, бағдарлау, байыптау</b>	1. <i>Адамның, жан-жануардың көру мүшесі.</i>
2		<i>Взгляд</i> – кум., ног.,; <i>взор</i> – аз., кум.,	2) перен. <i>исток, источник, начало (ручья, богатства, знания и др.)</i>	<b>2.</b> анат. «лат. oculus» <i>Адамда, омыртқалы жануарларда және омыртқасыз жануарларда</i>	<b>2. Қарау, көзбен шолу;</b>	2. <i>Заттың, я басқа да бір нәрсе өткізетін тесігі.</i>

				<i>жарық әсерін қабылдайтын мүше.</i>		
3		<i>Зрение – турк., ног., баш., алт., алт.диал., сал., чув., хор., восприятие</i>	<i>3) ушко, отверстие, глазок (иголки, кольца и др.)</i>	<b>3.</b> ауыс. <i>әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шеңберлі әшекей.</i>	<b>3. Бастан кешу;</b>	<i>3. Бір нәрсенің шығар жері, қойнауы.</i>
4		<i>Глазной – турк., гаг., кум., уз.; оптический – гаг.;</i>	-	<b>4.</b> ауыс. <i>Нәрсенің өзі.</i>	<b>4. Ауыс. Айыптау, жазғыру, кінәлау;</b>	<i>Бір нәрсенің нақты өз басы.</i>
5		<i>А. Часть целого (почка листьев, ушко иголки, постава мельницы); один из мелких предметов; Б. Отделение – турк.; отделение (шкафа, стола и проч.) – тур., аз.; закрома в амбаре – гаг.; сусек, секция, отделение в зернохранилище – гаг.; комната – тур.диал.; ячея – турк., ног., баш., чув; очок (улья) – алт., алт.диал.; подвижной ящик – тур., аз.; полка – тур., аз.; звено – чув.; часть оконного переплета – гаг.;</i>	-	<b>5.</b> ауыс. <i>Адам, жан.</i>	<b>5. Ауыс. Есептеу, санау, білу, тану;</b>	<i>5. Өткеннен қалған нәрсе, біреуге арналған ескерткіш, мұра, ұрпақ.</i>
6		<i>Чашка весов – тур., аз., одна половина переметных сум – кир.;</i>	-	<b>6.</b> ауыс. <i>өткеннен қалған, өткеннің тұсында болған нәрсе.</i>	-	<i>6. Ауыс. Ақыл, ес, сана.</i>
7		<i>Арка, пролет – тур., аз.;</i>	-	<b>7.</b> ауыс. <i>Ақыл, ес, сана.</i>	-	-
8		<i>Яма, бассейн – тур.;</i>	-	<b>8.</b> ауыс. <i>Жемістің өніп шығатын жері, бүртік кіндігі.</i>	-	-
9		<i>Сама вещь – кир-каз.;</i>	-	<b>9.</b> ауыс. <i>Иненің жіп өткізетін тесігі.</i>	-	-
10		<i>Масть (в картах) –</i>	-	<b>10.</b> ауыс.	-	-

		алт., алт.диал.;		<i>Кереге және торлы заттардың тесігі.</i>		
11		<i>Сторона, конец – TS;</i>	-	<b>11.</b> ауыс. <i>Белгілі бір нәрсенің алынатын орны, қоры.</i>	-	-
12		<i>Лучшее создание, венец создания – аз.;</i>	-	<b>12.</b> ауыс. <i>Алды, көз алды.</i>	-	-
13		<i>Фунт – алт.диал.; [ЭСТЯ; 60-61].</i>	-	<b>13.</b> ауыс. <i>Бұлақтың су қайнап шығып жаяқан жері, қайнар тесігі.</i>	-	-
14		-	-	<b>14.</b> ауыс. <i>Тұрғы, көзқарас, ұстаным.</i>	-	-

**Көз, жанар.** *Көру мүшесі.* Абайдың екі көзі сонау алыс көк тау, Шыңғыс жотасын қыдырады (М.Әуезов). Шалдың іштегі мысқыл қуатының әсері ме, екі жанары жарқырап, езуі дір-дір етеді (З.Шашкин) [Синондир сөздігі, 287]. *Синоним:* көз – жанар – шырақ.

*антоним:* Көз – қорқақ, қол – батыр. *көз* – шындық, құлақ – өтірік.

*омоним:* Бұлақтың көзін аш. Көзі бар адам екен. (<https://znaniya.com/task/>).

Б.Қасым «Менталді кеңістік және менталді етістік ұғымы етістікті бірліктерді концептуалды талдауда қолдануға ыңғайлы және ерекше маңызды. Себебі етістіктің барлық табиғаты, категориялары шынайы өмірде ешбір теңдесі жоқ концептуалды мән-маңызды білдіреді» [17].

**Жалпы** көру *етістіктерінің* семантикалық өрісі: көру, қарау, тесірею, байқау, үңілу, тану, аңғару, тесілу, оқыраю, адыраю, одыраю, бағжию, бажыраю, жаудырау, жалтақтау, едірею, байқау, аңғару, шұқшию, сығалау, қадалу, мөлтендеу, сығыраю, телміру, тану *және т.б.* (**Қазақ тіліндегі көру етістіктерінің толық тізімін қосымшадан көруге болады.**)

**Көру қимыл мәнін қазақ тілінде көру, қарау етістіктері білдіреді:** Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен [19, 96.].

**Көру етістігінің семалық құрылымы өте қарапайым:** қарау, көз салу, көз салып байқау. **Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі:** 10 томдық көру етістігінің 6 мағынасы көрсетілген: 1. Көзбен байқау, бағдарлау, байыптау; 2. Қарау, көзбен шолу; 3. Бастан кешу; 4. Ауыс. Айыптау, жазғыру, кінәлау; 5. Ауыс. Есептеу, санау, білу, тану; 6. Күрделі сөз құрамында жұмсалып, қосымша мағына үстейтін көмекші етістік [ҚТТС, 1916.].

**Мақсатты түрде көру үрдісін, көру органдарының активті түрде көру үрдісіне қатысуын доминант қарау етістігі білдіреді:** қарау, көз салу, назарлау, үңілу, бетін бұру, барлау, бақылау, шолу *және т.б.*; **ауызекі тілде:** бақыраю, ақшию, тесірею, жіті қарау, қадалу *және т.б.* **Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде қарау етістігі 12 түрлі мағына береді деп көрсетілген:** 1. Көз жіберу, назар аудару; 2. Іздеу, қарастыру, табуға тырысу; 3. Көру, тексеру, бақылау; 4. Ескеру, елеу, тындау, құлақ асу; 5. Аңғару, байқау, бағу. 6. Күту, тосу, бөгелу; 7. Бағып-қағу, күту, баптау; 8. Бағыну, қарауына, қол астына өту, тәуелді болу; 9. Есептеу, санау, ойлау; 10. Ауу, беттеу, ойысу қадам басу; 11. Арнайы сөз ету, талқылау; 12. Дәл бағытталу, тура келу [ҚТТС, 55-56 б.]. **Ал қазақ тілінің сөздігінде қарау етістігінің 10 мағынасы берілген:** 1. Назар аудару, көз жіберу; 2. Іздеу, қарастыру. 3. Көру, тексеру, аңғару, бағу, байқау, бақылау. 4. Ескеру, елеу, ден қою; 5. Күту, тосу, бөгелу; 6. бағып қағу, күту, баптау; 7. Біреудің қол астында

болу; 8. Есептеу, санау, ойлау; 9. Ауу, өту, қадам басу; 10. Арнайы сөз ету, талқылау. Мысалы: *Абай қайда өзі? – деп еді, Ұлжан Абайдың жатып қалғанын айтып, Жиреншеге біраз наразы салқын жүзбен қарады [ҚТС, 36 б.]. Абай әкесіне көз салып еді, үндемей, түйіліп, Айғызға аса салқын қарап қалған екен [ҚТС, 130б.]. Көріп, біліп келдік. Кәмішат ауру. Әл үстінде. Бізді танымады [ҚТС, 130б.].*

Сонымен қазақ тіліндегі көру етістіктерін мағыналық нышандарына қарай талдай келе олардың он лексика-семантикалық топты (ЛСТ) анықталды:

ЛСТ «Көру» үрдісіндегі әртүрлі оқшау қарасты білдіретін етістіктер («ұнатпай, жек көре қарау» немесе «үрейлене қарау» нышанды етістіктер)

Бұл топқа *адыраю, ажыраю, ақыраю, ақию, ақилану, алару, алақтау, ақшию, бадыраю, бақшию, бажыраю, бағжию, бақыраю, бежірею, бедірею, едірею, ежірею, ожыраю, оқишию, оқишыраю, оқыраю, одыраю, шадыраю* етістіктері жатады. Аталмыш етістіктердің архисемасы «қарау» және «бақырая қарау, көзін бағжиту» болғанмен олар тек қана «қарау» семасымен шектелмейді, олардың семантикалық құрылымында «көз салып байқау, көзбен байқау» семасы негізгі емес, өйткені бұл етістіктер көру үрдісінің әрекетін емес, оның сипатын, әртүрлі қырларын білдіреді. Олардың мағыналық құрамында «бақшиып қарау», «жақтырмай қарау», «сескеніп қарау», «үрке қарау», «үрейлене қарау», «қорқып қарау», «таң қалып қарау», «көз алартып тесірейіп қарау» сияқты мағыналық реңктер бар. Мысалы, **алақта** етістігі туралы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» мынандай түсініктеме алуға болады: 1. «Көздің шарасынан шығып аларуы, алақ-жұлақ етуі». Осы кезде Жаппардың екі көзі жын соққандай **алақтап**, өңі бұзылып, бет ауызы жыбырлап кетті. (К.Оразалин. Көктем.) 2. «Жалтақтап жан-жаққа қарау, асып-сасу». Жүгіріп басып Күланда келеді. Үлкен қара көздері ойнақшып, жан-жағына **алақтап қарайды**. (С.Ерубәев. Шығ.) Қазақ тілінің сөздігінде де екі мағынасы көрсетілген: 1. «Көзі алақ-алақ етті. 2. «Жан-жағына алақ-жұлақ қарау». **Одырай** етістігіне «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» мынандай төмендегідей түсініктеме берілген: «үрке қарау, едірею, адыраю». Мысалы: *Сәкен қиғаштай кеп жанаса берген мені көрмегендей одырая өтіп кетті* (С. Мұқанов) [ҚТТС, 375б.]. *Сілем қатып өлгелі отырсам, - деп Қалампырды оқты көзімен атып, одырая сөйледі* (А.Хангелдин. Табысқан тағдырлар). Ал қазақ тілінің сөздігінде осы етістікке «адыраю, едірею, ежірею, одыраю» деп түсініктеме берілген. Мысалы: *Ол үріккен өгіздей маған одырая қарады. Ежірей* етістігі туралы қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «екі көзін тікірейтіп тесірейе қарау, бақшию» делінген [ҚТТС, 167б.]. Мысалы: *Ит көрген текедей боп, иегі мен сақалын омырауына тыға түседі. Екі көзін ежірейте қарап тыңдап қатты* [ҚТС 276 б.]. **Бағжию** етістігіне «көзі бақшиып тесірейе қарау» деп түсініктеме берілген. Мысалы: *Шал бағжиып қарады*. Бұл етістіктер бір-бірімен синонимдік қатынасқа түсіп тұр. Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде бұл етістіктер туралы: «*Бірдеңеден сескеніп қорыққанда, үрейленгенде, таңданып таңырқанда, біреуді жақтырмаған пішін көрсету, көз алартып тесірейіп қарау*» деп жазылған. Мысалы: *Ислам ақия қарап еді, қатыны жым болды* (О.Сәрсембаев). *Бұзаубақ нанарын да, нанбасын да білмей, бажырайып қарады* (Майлин). *Айша бір қызарып, бір сұрланып, Дәмешке бадырая қарады* (Шашкин). *Бұл жауапты естігенде, бағанадан бері үндемей мелииіп отырған Майбасар, Жақыптар селт етіп, қабақ түкситіп, ажырая қарасты* [ҚТС, 80б.]. *Екеуі оңаша қалып, бір-біріне ажырайысып қарасқанда, түстерінде үлкен ыза бар еді* [ҚТС, 557б.]. Кейбіреулер осындай сөз шыққан жаққа қарай үріккен аттай **оқырая қарап**, ала көздерімен атып тастардай оқталысады (А.Хангелдин. Қара торғай). Осы келтірілген мысалдардан аталмыш етістіктер көру үрдісіндегі әртүрлі оқшау қарасты білдіретін етістіктер екеніне, яғни, «ұнатпай, жек көре қарау» немесе «қорқып қарау», «үрейлене қарау» нышандарын білдіретін етістіктер екеніне көз жеткізуге болады.

**Лексика-семантикалық өріс** деп тілде шындық болмысты бейнелеп, лексикалық бірліктер ортақ семантикалық компонент негізінде әр түрлі жүйелі семантикалық қатынастармен (синонимиялық, антонимиялық, гипер-гипонимиялық) және өріс ортасымен байланысып жатқан біріккен сөздер тобын яғни лексикалық бірліктердің жиынтығынан тұратын микрожүйешелерді (лексика-семантикалық топты) түсініледі.

Сөздер ортақ семантикалық белгіге ие болып, лексика-семантикалық парадигма құрайтыны белгілі. Лексикалық парадигма ретінде жалпы мағынасы бойынша біріккен бірнеше сөздердің жиынтығы түсініледі. Лексика- семантикалық топтың мүшелері арасындағы парадигматикалық байланысты анық көру үшін ғалымдар компонентті талдау әдісін жиі қолданады. Бұл әдіс бойынша сөз мағыналары бірнеше ұсақ бөліктерден – семалардан тұрады деп есептейді. Семалар қызметі

жағынан жалпылаушы (интегралды) және айырушы (дифференциалды) семалар болып екіге бөлінеді. Жалпылаушы семаны архисема деп те атайды. Лексикалық-семантикалық топтар архисемалардың негізінде семантикалық өріске бірігеді. Семантикалық өріс лексикалық-семантикалық топтарға қарағанда неғұрлым кең тектік ұғымдарды топтастырады. Семантикалық өріс белгілі сөз тобына жататын лексикалық-семантикалық топтардың жиынтығы ғана емес, ол өз құрамына бірнеше сөз табына жататын лексикалық-семантикалық топтарды да біріктіреді. Өрістің аймақтары мен құрылымының критерийлерін анықтаудың бірі – тіл құралдарын қолданудың ұдайылығы және жиілігі, қажет жағдайда өрістің семантикалық инвариантын және өріс мүшелерінің семантикалық құрылымының ерекшелігін белгілеу болып табылады. Сонымен, тілдік өрістің орталық аймағын өрістің семантикалық инвариантының аталымы (номинациясы) ретінде ұдайы және жиі пайдаланатын бірліктер құрады.

**Қазақ тіліндегі әр түрлі сөздіктен жиналған «көз» аталымдарының сипаты мен ерекшелігі. Семантикалық өрісі** Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (15 том).

Кесте-2

№	«Көз» аталымының семантикалық өрісі	Көркем әдебиеттен мысалдар
1	зат. <i>Көру мүшесі.</i>	Көп заманнан бері басымыздан кешірген зорлық зомбылық, кедейлік, надандық мұра қылып біздерге мерез, күрт, қотыр, <b>көз</b> ауруы сықылды пәлелерді қалдырған (М. Дулатов, Шығ.).
2	анат. <i>Адамда, жануарларда және кейбір омыртқасыз жануарларда жарық әсерін қабылдайтын мүше.</i>	Адам және омыртқалы жануарларда <b>көз</b> – жұп мүше (ҚҰЭ).
3	ауыс. <i>Әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шеңберлі әшекей.</i>	Қазақстанның Орталық музейінде сақталған бір ғана әйел ерінің өзінде отыз бір <b>көз</b> орналылған.
4	ауыс. <i>Нәрсенің өзі.</i>	Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға, Бермек болағн айғырдың <b>көзі</b> қайда?(Абай, Тол.жин.).
5	ауыс. <i>Адам, жан</i>	<b>Көздер</b> бар, мені көрсе жылымайтын... (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем)
6	ауыс. <i>Өткеннен қалған, өткеннің тұсында болған нәрсе.</i>	Хас батырдың <b>көзі</b> еді кара жорға, кара жаудың астында ойнап кетті (М.Мақатаев, Шығ.).
7	ауыс. <i>Ақыл, ес, сана.</i>	Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге, Көкірегінде болсын <b>көз</b> (Абай, Танд. жин.).
8	ауыс. <i>Жемістің өніп шағатын жері, бүртік кіндігі.</i>	...академик Лысенконың картоп көзін қалай егіп өсіруге арналған мақаласы газетке жарияланды (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).
9	ауыс. <i>Иненің жіп өткізетін тесігі.</i>	Кесте тігетін инелер молтақ, <b>көздері</b> кең болғаны жөн (С. Қасиманов, Қаз.қол өнері).
1	ауыс. <i>Кереге және торлы заттардың тесігі.</i>	Керегенің босаға жағындағы <b>көздерін</b> пайдаланатын болған (С.Қасиманов, Қаз. колөнері).
1	ауыс. <i>Белгілі бір нәрсенің орны, қоры.</i>	Май алмасу жөнінде өте мәнді мәселенің бірі – деген май болып бітетін майдың қайдан алатын <b>көзін білу</b> (Т.Күлтебаев, Қой төлі).
1	ауыс. <i>Алды, көз алды</i>	Дұшпанның <b>көзінде</b> болсаң да, көңілінде болма (мақал).
1	ауыс. <i>Бұлақтың су қайнап шығып жатқан жері, қайнар тесігі</i>	Бұлақтың <b>көзі</b> ашылып, Бұлдырап келді жылғаға... (М.Мақатаев, Шығ.).
1	ауыс. <i>тұрғы, көзқарас, ұстаным</i>	Неше жүз жылдан бері Ломоносовтың атын орыс халқы

		көңілінде һәм тілінде сақтап келеді, мұнан соң мың жылдар өтсе де оған көрсетілген қадір, құрметтері артпаса кему жоқ. Біз де Абайға сол көзбен қарауға керек (М.Дулатов, Шығ.).
--	--	--

**Қорытынды.** Осылайша субъектінің белгілі бір объектіге деген қатынасына және сол объектіге берген субъектінің бағасына қарай фразеологизмдер «жасырын, ұрлана қарау», «тесіле, қадала қарау», «зейін сала, зер сала қарау», «менсінбей қарау», «немқұрайды қарау», «таңдана қарау», «жақтырмай қарау» т.с.с. тақырыптық топтарды қамтиды. Назарға ілінген нысанға түрлі түрлі болғандықтан неше түрлі жағдайларды көріп, басынан өткеріп отырған адамның эмоциясы да, істеп отырған қылығы да, өзін ұстау мәнері де сан-алуан болып келеді [1].

Талданылып отырған *көз, көру* аталымдарының М.Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» атты еңбегінде сезім мүшелерінің қызметімен байланысты жалпылауыш семаға ие сезіну етістіктерінің тобына, оның ішінде *көру* етістіктерінің семантикалық тобына жатқызады. Сезім мүшелерінің ең негізгісі – *көз*. Адам *көз* арқылы дүниедегі заттар мен құбылыстарды көріп, олардың түр-түрпатын, сан-қилы формаларын, түсін, қимыл қозғалысын және т.б. толып жатқан белгілерін біліп, таниды. Соның нәтижесінде адам санасында белгілі бір ұғымдар қалыптасады.

Сонымен, *семантика-когнитивті модель* – бұл сөздер тобы, тілдегі шындық болмысты қрсетеді, тілдік бірліктер әртүрлі семантикалық қатынастардың жүйесін (фреймдік құрылым, синонимдік қатар) және семантикалық өріс жалпы семантикасын құрайтын топтың *негізмен* (тірек сөз – *көз, көру*) байланысын сақтайды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Байтұрсынов А. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 2 *Аспекты семантических исследований // под ред. Н. Д. Арутюновой и А. А. Уфимцевой. – М.: Наука, 1980. – 357 с.; Арутюнова, Концептуальный анализ: методы, результаты, перспективы. //Тезисы докладов конференции / под ред. Н. Д. Арутюновой. – М.: ИЯ АН СССР, 1990. – 93 с.*
- 3 Залевская А.А. Введение в психолингвистику. – М.: Российск. гос. гуманитар. ун-т, 2000. – 382 с. : ил. - ISBN 5-7281-0282-4.
- 4 Колесов В. Русская ментальность в языке и тексте. – Санкт-Петербург: Петербургское Востоковедение, 2006.
- 5 Кубрякова Е.С. О ментальном лексиконе: лексикон как компонент речевой способности человека // Актуальные проблемы современной лингвистики. – М.: Флинта-Наука, 2011. – С. 327–343.
- 6 Кобозева И.М. Лингвистическая семантика. – М.: Эдиториал УРСС, 2000. – 352 с.
- 7 Караулов Ю.Н. Структура лексико-семантического поля // Филологические науки. -1972. -№ 1 – 57-63 с.
- 8 Хасанов Г. Семантикалық өріс // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 1996. – № 5. – Б. 14-22.
- 9 Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. – М., 1974. – 366 с.
- 10 Агиенко М.И. Структуры концептов правда, истина, truth в сопоставительном аспекте. Авторферат дисс...канд.филол.наук. – Екатеринбург, 2005. – 23 с.
- 11 Trier, J. Der Deutsche Wortschatz. Bd. i. Heidelberg:/ J.Trier // Winterin Sinnbezirk des vestandes, 1931. S. 347
- 12 Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. – М., 1974. – 366 с.
- 13 Карлинский А.Е. Принципы, методы и приемы лингвистических исследований. – Алматы, 2003. – 184 с.
- 14 Пименова М.В. Методология концептуальных исследований.//Антология концептов // Под ред. В.И. Карасика, И.А. Стернина. – М.: Гнозис, 2007. – С. 14–17.
- 15 Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата: Наука, 1986. – 328 с.
- 16 Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем // Теория метафоры. – М., 1990. – С. 387–415.; Лакофф Дж. Когнитивное моделирование // Язык и интеллект. – М.: Прогресс, 1996. – С. 143–184.

17 Қасым Б. Түркі тілдеріндегі қозғалыс етістіктерінің құрылымы мен мағынасы. //Академик Ө.Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары – Алматы, 2016. – 241-246 б.

18 Қасым Б. Метафоралы аталымдар: когнитивті-семантикалық сөзжасам. – Алматы: ЖК Волкова Е.В. 2015. – 300 б.

References:

1 Baitürsynov A. Aq jol. Öleñder men täjrimeler, publ. maqalalar jäne ädebi zertteu. – Almaty: Jalyn, 1991. – 464 b.

2 Aspekty semanticheskikh issledovani // pod red. N. D. Arutiñovoi i A. A. Ufimsevoi. – M.: Nauka, 1980. – 357 s.; Arutiñova, Konseptuälñyi analiz: metody, rezültaty, perspektivy. //Tezisy dokladov konferensii / pod red. N. D. Arutiñovoi. – M.: IA AN SSSR, 1990. – 93 s.

3 Zalevskaia A.A. Vvedenie v psiholingvistiku. – M.: Rosisk. gos. gumanit. un-t, 2000. – 382 s. : il. - ISBN 5-7281-0282-4.

4 Kolesov V. Ruskaja mentalnöst v iazyke i tekste. – Sankt-Peterburg: Peterburgskoe Vost kovedenie, 2006.

5 Kubräkova E.S. O mentalnom leksikone: leksikon kak komponent rechevoi sposobnosti cheloveka // Aktuälñye problemy sovremennoi lingvistiki. – M.: Flinta-Nauka, 2011. – S. 327–343.

6 Kobozeva İ.M. Lingvisticheskaia semantika. – M.: Editorial URSS, 2000. – 352 s.

7 Karaulov İ.N. Struktura leksiko-semanticheskogo polä // Filologicheskie nauki. -1972. -№ 1 – 57-3 s.

8 Hasanov G. Semantikalyq öris // Izdenis. Gumanitarylyq ğylymdar seriasy. – 1996. – № 5. – B. 14-22.

9 Apresän İ.D. Leksicheskaia semantika. – M., 1974. – 366 c.

10 Agienko M.İ. Struktury konseptov pravda, istina, truth v sopostavitelnom aspekte. Avtorferat diss...kand.filol.nauk. – Ekaterinburg, 2005. – 23 s.

11 Trier, J. Der Deutsche Wortschatz. Bd. i. Heidelberg:/ J.Trier // Winterin Sinnbezirk des vestandes, 1931. S. 347

12 Apresän İ.D. Leksicheskaia semantika. – M., 1974. – 366 c.

13 Karlinski A.E. Prinsipy, metody i priemy lingvisticheskikh issledovani. – Almaty, 2003. – 184 s.

14 Pimenova M.V. Metodologia konseptuälñyh issledovani.//Antologia konseptov // Pod red. V.İ. Karasika, İ.A. Sternina. – M.: Gnozis, 2007. – S. 14–17.

15 Kaidarov A.T. Struktura odnoslojnyh kornei i osnov v kazahskom iazyke. Alma-Ata: Nauka, 1986. – 328 s.

16 Lakoff J., Jonson M. Metafory, kotorymi my jivem // Teoria metafory. – M., 1990. – S. 387–415.; Lakoff J. Kognitivnoe modelirovanie // Iazyk i intelekt. – M.: Progres, 1996. – S. 143–184.

17 Qasym B. Tүrкі тілдеріндегі қозғалыс етістіктерінің құрылымы мен мағынасы. //Академик Ө.Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары – Алматы, 2016. – 241-246 б.

18 Qasym B. Metaforaly atalymdar: когнитивті-семантикалық сөзжасам. – Алматы: ЖК Волкова Е.В. 2015. – 300 б.

Сөздіктер:

ДТС – Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 676 с. [ДТС].

ЭСТЯ – Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974. – 767с. [ЭСТЯ].

ҚТС – Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Алматы, Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.

ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974-1986.

ҚТӘС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том. - Қ. – Алматы: Арыс, 2009. – 752 б.

ҚТСС – Қазақ тілінің сөзжасам сөздігі. 1-3 бөлім/ құраст.: А.Б.Салқынбай. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 418 б.

ФС – І. Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 640 б.

интернет ресурсы: <https://znaniya.com/task/>